

*Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі
республикалық комиссияның
2015 жылғы 22 маусымдағы
№ _____ хаттамасына 1-қосымша*

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

**«Болашақ» бағдарламасы бойынша
Split PhD іске асыру**

ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Мазмұны

Кіріспе	3
Жобаның мақсаты мен міндеттері	4
Ағымдағы жағдайға талдау	5
Болашақ бағдарламасы бойынша PhD докторларын даярлау тәжірибесі	7
Балама бағдарламаны іске асырудағы шетелдік тәжірибе	7
Қазақстанда Split PhD бағдарламасын іске асыру тетігі	8
Күтілетін нәтижелер	14
Нормативтік құқықтық актілер тізбесі	15

Кіріспе

Жақын арадағы 10-15 жылда елдің ғылымды қажет ететін экономикалық базисін құру Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы басымдылықтарының бірі болып табылады. Бұл бағытта Мемлекет басшысы қатарында отандық экономиканы дамытуға бағытталған зерттеулер мен инновацияларды әлемдік қолдау кіретін қазақстандық ғылымның әлеуетін арттырудың нақты өлшемдерін атап көрсетті.

Ғылыми әлеуетті елдің өндірістік секторымен жақындастыру және оларды ИИДМБ индустриалды инновациялық жобаларына ықпалдастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі базасында ғылымның экономиканың салаларымен байланысы және индустриализациялаудың екінші бесжылдығы үшін кадрлар даярлау, оның ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясы арқылы даярлау қамтамасыз етілетін Қазақстан Республикасының 11 тірек жоғары оқу орнын анықтады.

Әлемдік ғылыми технологиялық қоғамдастыққа жедел ықпалдасудың тиімді құралдары қатарына «Болашақ» бағдарламасы отандық жоғары оқу орындарының білім беру процесіне шетелдік жобаны жасаушыға қаржылық қолдау көрсету үшін ғалымдар даярлаудың Split PhD жаңа моделін енгізуді ұсынады.

Жобаның мақсаты мен міндеттері

Мақсаты

Қазақстандық ғалымдарды ғылыми зерттеулердің заманауи әдістеріне оқыту арқылы Қазақстанда қолда бар ғылыми бағыттарды дамыту және жаңасын құру үшін алдыңғы қатарлы білім трансфертін қамтамасыз ету.

Міндеттер

1. қазақстандық ғалымдардың ғылыми-эксперименталдық қызметінің мүмкіндігін кеңейту.
2. отандық зерттеулердің экономиканың нақты секторының қажеттілігіне бағытталуы.
3. жетекші шетелдік университеттерде іске асырылатын ғылыми жобаларға талантты қазақстандық ғалымдарды тарту үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

Ағымдағы жағдайға талдау

1996 жылдан бастап 2007 жылға дейінгі кезеңде ғылымға тартылған адамдар саны (аспиранттар, докторанттар, ғылым кандидаты дәрежесіне ізденушілер) 5981 адамнан 12 852 адамға дейін артқан.

Бұған қоса, 2008 жылдан бастап ғалымдар тарапынан ғылымға қызығушылықтың артып отырғаны байқалады. Осылайша түрлі ғылыми дәрежеге ізденушілер саны 2010 жылы 3468 адам болды, олардың ішінде 960 адам – ғылым докторы дәрежесіне ізденушілер.

2010 жылы Қазақстан Болон процесінің қатысушысы болып, ғылыми дәрежені екі деңгейлі даярлау жүйесінен бас тартып, біреуін – PhD докторын даярлауды ғана қалдырған. Статистика комитетінің деректері бойынша 2014 жылы PhD докторларының саны 2063-ке жеткен.

Сондықтан, отандық ғылым сапасын арттыру бойынша қабылданатын шараларға қарамастан, ғылыми-зерттеу қызметіне қызығушылықтың болмауы проблемасы әсіресе жастар арасында бар, олар мына факторлармен түйіндес:

Бірінші, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында зерттеу әлеуетінің төмендеуі, авторлық құқықтың қорғалмауы. Көрсетілген фактор, ең алдымен, жоғары оқу орнынан кейінгі бағдарламаларға үміткерлерді іріктеу кезінде талаптың төмендігімен, жетекшілердің зерттеу тақырыптарын таңдауының жетілдірілмеген жүйесінен, және ғылыми қызметкерлердің өзге, мысалы, оқытушылық қызметпен айналысуына байланысты зерттеу жұмыстарын жүргізуге уақыт жетіспеушілігімен көрінеді.

Бұған қоса, елдің жоғары оқу орындарында оқытылатын оқу бағдарламаларында зерттеу әдісін оқытуға, ғылыми мақалаларды дұрыс жазуға бағытталған пәндер жоқ, осының салдарынан зерттеушілердің басым бөлігі қолда бар еңбектерін дұрыс жеткізуге оқытылмаған. Сонымен қатар, көптеген университеттерде мәтіндерді жалпы қолжетімді көздерден алынуын автоматты тексеру жүйесі жоқ.

Екінші, ғылыми инфрақұрылымның толық дамымағандығы.


ҚР көптеген жоғары оқу орындары мына проблемаларға ұшырап жатады:

- зерттеулерді апробациялау үшін тәжірибелі-эксперименталды базаның болмауы және олардың кейіннен өндірісте ұсынылмауы;
- инновацияларды енгізуде кәсіпорындардың қызығушылығы үшін қаржылық құралдардың болмауы;
- ғалымдардың еңбектерін ынталандыру үшін тетіктердің болмауы.

«Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы» АҚ деректері бойынша 2014 жылы ғылыми зерттеулер үшін қажетті электрондық ақпараттың 14%-ы ғана еркін қолжетімділікте, ал 86% әлемдік ғылыми білімге қолжетімділік тиісті ақпараттық ресурстарға, деректер базасына ақылы жазылу есебінен туындайды. Бұған қоса, шетелдік электрондық ресурстарды пайдаланудың төмен деңгейі себептерінің бірі тілдік кедергінің болуынан болып табылады.

Үшінші, ғалымдардың төмен материалдық қамтамасыз етілуі. 2010 жылдан

бастап елде ғылыми-зерттеу ұйымдары санының азаюы байқалған, 2014 жылы олардың саны 392 болса, 2010 жылы 424 ұйым болған. Ғылыми зерттеулермен және әзірлемелермен айналысатын персоналдың орта айлық еңбекақысы 2015 жылғы 1 тоқсанның қорытындысы бойынша 146 922 теңге, бұл қызметтің басқа түрлерімен салыстырғанда 3 есе аз, яғни өз кезегінде мемлекеттік деңгейде оның әлеуметтік-экономикалық қорғалмауына байланысты «өмірлік кәсіп» ретінде ғылымды жастардың бағалауындағы беделдің төмендеуіне әкеп соғады (Статистика комитетінің деректері).



1-кесте – 2015 жылғы 1 тоқсандағы кәсіптік, ғылыми және техникалық қызмет түрлері бойынша орта айлық еңбекақысы (теңгеде) (Статистика комитетінің деректері).

Төртінші, ғылымның өндірістен алыстығы. 392 ғылыми-зерттеу институттарының жартысынан астамының (2014 жылғы Статистика комитетінің деректері) құрамында ғылыми идеяны, әзірлемелер мен технологияларды іске асыруды қамтамасыз ететін қажетті инженерлік-техникалық инфрақұрылым жоқ. Ғылыми зерттеуді жоспарлау сатысында ғылыми-зерттеу институттары мен ғылыми-зерттеу жұмыстарының экономикалық, стратегиялық және инновациялық тартымдылығын анықтау үшін отандық кәсіпкерлер қатарынан әлеуетті тапсырыс берушілер арасында байланыс жоқ. Бұған қоса, салалар тиісті саланың ғылыми ұйымдары үшін кадрлар даярлайтын университеттер алдында белсенді тақырыптар бойынша міндеттер қоймайды және өндіріс үшін зерттеулер өткізеді.

Сондықтан, инвестициялардың ғылымға қайтарылуының үлкен үлесін алу үшін тікелей оның болашағына - ғылыми қызметті жалғастыру үшін үлкен әлеуеті бар дарынды адамдарға инвестиция салу қажет.

Қазіргі уақытта «Болашақ» халықаралық стипендиясы шеңберінде мамандар даярлауда мемлекеттің, ғылыми сала мен корпоративтік сектордың тиімді өзара іс-

қимылы туралы мәселе бар. Ең алдымен, Қазақстанның қарқынды дамуы және білімге негізделген экономикаға бағыт аясында. Бұл докторантура бағдарламасы бойынша елдің ғылыми кадрларын даярлауды қозғайды.

Болашақ бағдарламасы бойынша PhD докторларын даярлау тәжірибесі

«Болашақ» халықаралық стипендиясы іске асырылған 21 жылда экономиканың басым салалары үшін 8 мыңға жуық маман даярланған, олардың арасында Қазақстанға қайтып оралған 84 ғылым докторы бар (32 – гуманитарлық, 32 - техникалық, 20 – медициналық бейін бойынша), олардың арасында тек 15 доктор ғана елдің жоғары оқу орындарында жұмыс істеп, ғылыми-зерттеу және ғылыми-эксперименталдық қызметке белсенді тартыла бермейді.

Шетелдік докторантурада 72 стипендиат оқуда.

Халықаралық деңгейге отандық ғалымдардың зерттеу қызметінің шығу мүмкіндігі бола отырып, «Болашақ» бағдарламасы өз алдына оларды әзірлеуде қазақстандық компоненттерді арттыру бойынша жаңа міндеттер қояды.

Бұл мақсаттарда 2014 жылы Назарбаев Университетінің базасында докторанттарды даярлау тетігінің бірі - Split PhD іске қосылып, апробацияланған.

Split PhD – екі серіктес жоғары оқу орнының базасында ғылыми зерттеулерді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін докторантура бағдарламасының әртүрлілігі.

Ғалымдарды даярлаудың бұл моделі ынтымақтастағы жоғары оқу орындарының ғылыми әлеуетін өсіруге ықпал ете отырып, берілген проблематиканы жан жақты зерделеуге түрлі тәсілдердің болуын болжайды.

Балама бағдарламаны іске асырудағы шетелдік тәжірибе

Шетелдік тәжірибені зерделеу көрсетіп отырғандай, екі жоғары оқу орны базасында докторантура бағдарламасы бойынша даярлау Еуропа және АҚШ елдерінде табысты іске асырылуда. Мысалы, Ұлыбританияның Лидс Университеті, Манчестер Университеті, Саусгемптон Университеті, Дарем университеті, Ноттингем Университеті, Ридинг Университеті және т.б. сияқты бірқатар жоғары оқу орындарында Split-Site PhD бағдарламасын іске асыру екі негізгі модель бойынша жүзеге асырылады:

- зерттеу серіктестігі - ғылыми-зерттеу компоненттерімен коммерциялық немесе индустриалдық ұйымдармен (Ұлыбритания, Еуропалық Одақ, басқа елдер) ынтымақтастық.

- ғылыми әлеуетті өсіру – басқа ғылыми институттармен (университеттермен) ынтымақтастық (Ұлыбритания, Еуропалық Одақ, басқа елдер).

Өте дамыған ғылыми-зерттеу әлеуеті бар АҚШ жоғары оқу орындары Joint-PhD бағдарламасы бойынша ғылым докторларын даярлайды. Әдетте, екі жоғары оқу орны да университеттердің әлемдік рейтингілеріндегі топтық орындарда немесе отандық тар салалы мамандықтар рейтингілердің алдыңғы орнында.

Ұлыбритания жоғары оқу орындарында Split-Site PhD бағдарламасынан негізгі ерекшелік мынада:

- екі серіктес университеттің дәрежесін алу (екі диплом немесе екі жоғары оқу орнының үздік белгісімен бір диплом);

- Joint-PhD бірлескен бағдарламасын іске асыратын екі университеттің студентін тіркеу (екі университетке формальді тіркеу).

Сондықтан, қазақстандық ғалымдар үшін «Болашақ» бағдарламасы шеңберінде Split PhD жобасын енгізу отандық экономиканың қажеттіліктеріне бағытталған зерттеулер өткізу үшін әлемнің жетекші ғылыми зерттеу орталықтарының әлеуетін тарту мүмкіндігін ұсынады.

Қазақстанда Split PhD бағдарламасын іске асыру тетігі

Қазақстанда Split PhD толық іске асыру үшін қазақстандық жоғары оқу орындары әлемдік стандарттарға сәйкес келетін деңгейге жетуі керек. Әлемдік стандартқа сәйкес келетін деңгейде Split PhD бағдарламасын іске асырудың басты өлшемдері мыналар болып табылады:

- студентті университетте (базалық) тіркеу;
- оқытудың күндізгі нысаны (full-time);
- оқудың ұзақтығы – 3-4 жыл.
- базалық университетте/серіктес университетте болу: 50/50;
- ақы төлеу (егер болжанса) – 100% базалық университетте;
- базалық университет дәрежесін алу.

Бүгінгі күні Қазақстанда Split PhD толық іске асыру тек «Назарбаев Университеті» ДББҰ базасында ғана мүмкін. Бұл жоғары оқу орны жоғары оқу орындарының жобаны жүзеге асыруда қатысу талаптарына сәйкес келетін, дамыған инфрақұрылымы бар автономдық нормативтік құқықтық жүйе базасында жұмыс істейді.

Ел индустриализациясының екінші бесжылдығын іске асыру мақсатында ғылыми кадрларды жедел даярлау үшін Split PhD моделін «Болашақ» халықаралық стипендиясы негізінде Қазақстанның білім саласына кезең кезеңмен енгізу болжанады.

Бірінші кезең: 2015 - 2019 жылдар

Split PhD моделі бойынша «Болашақ» стипендиясы шеңберінде докторанттар даярлау ИИДМБ және «Нұрлы Жол» инфрақұрылымдық жобалары үшін кадрлар даярлауға бағытталған елдің 11 тірек жоғары оқу орындарында стипендиаттың екі жоғары оқу орнында, базалық-шетелдік жоғары оқу орнында

және қазақстандық серіктес жоғары оқу орнында 3+1 (3 жыл базалық жоғары оқу орнында оқу, бір жыл қазақстандық жоғары оқу орнында эксперименталдық және зерттеу қызметін жүргізу) сызбасы бойынша оқуын болжайды:

2015 жылға ИИДМБ және «Нұрлы жол» инфрақұрылымдық жобалар үшін мамандар даярлауға бағытталған елдің тірек жоғары оқу орындары болып табылатын мына 11 қазақстандық жоғары оқу орыны-әріптесі анықталған.

Астана қ. – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті (басым салалар: негізгі ғылымдар, инженерия, құрылыс, АӨК, энергетика);

Алматы қ. – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Қ.И.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті (басым мамандықтар: жаңа экономика, ақпараттық коммуникация, АӨК, геология, инженерия, машина жасау);

Орталық өңір – Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті (басым мамандықтар: машина жасау, металлургия, тау-кен ісі);

Батыс өңірі – Атырау мұнай және газ институты (басым мамандықтар: мұнайгаз, мұнай химиясы);

Шығыс өңірі – Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті (басым мамандықтар: машина жасау, металлургия, энергетика, мұнай химиясы);

Солтүстік өңір – А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті (басым мамандықтар: АӨК, машина жасау, инженерия);

Оңтүстік өңір – М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті (басым мамандықтар: химиялық және жеңіл өнеркәсіп, АӨК).

2016-2019 жылдардан бастап басым бағыттар бойынша қызығушылық танытқан Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары қазақстандық жоғары оқу орындары-әріптестері ретінде қатыса алады.

Split PhD бағдарламасын іске асырудың бірінші кезеңінде мыналар болжанады:

1) оқу, ғылыми және сараптамалық қызметті докторант базалық шетелдік жоғары оқу орнында және қазақстандық серіктес жоғары оқу орнында күндізгі нысан бойынша, бірақ ғылыми деңгейді алу үшін базалық жоғары оқу орны белгілеген мерзімдерден аспайтын уақытта жүзеге асырады;

2) қазақстандық серіктес жоғары оқу орнында эксперименталдық және зерттеу жүргізу мерзімдері жалпы алғанда кемінде 12 айды құруы тиіс;

3) зерттеу тақырыбын, ғылыми жетекшілер кандидатураларын, жеке оқу жоспарын шетелдік базалық жоғары оқу орны бекітіп, қазақстандық серіктес жоғары оқу орнының бірінші басшысымен және ғылыми жетекшімен келісіледі;

4) докторанттың ғылыми зерттеу тақырыбы Қазақстан үшін жаһандық (әлемдік деңгейдегі) және жергілікті (ұлттық деңгейдегі) аспектілердегі өзекті проблемаларды болжауы тиіс.

5) «Болашақ» халықаралық стипендиясы тағайындалған жағдайда, маман даярлауға жұмыс берушінің тапсырысына сәйкес қазақстандық серіктес жоғары оқу орнында бес жыл еңбек ету туралы міндеттемемен оқуға үшжақты шарт

жасалады;

6) «Болашақ» халықаралық стипендиясы шеңберінде докторанттардың оқуына шығыстарды қаржыландыру базалық жоғары оқу орнына ғана жүзеге асырылады. Split PhD моделі бойынша докторантура бағдарламасы аяқталғаннан кейін докторантқа базалық шетелдік жоғары оқу орнының бейіні бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі беріледі.

7) философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындау «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу қағидаларымен реттеледі (ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 11 маусымдағы № 573 қаулысы).


8) базалық жоғары оқу орнын таңдау оқу үшін ұсынылатын және конкурсқа қатысу сәтінде бекітілген шетелдің жетекші жоғары оқу орындарының, шетелдік ұйымдардың тізімімен анықталады.

9) шетелде оқу үшін басым мамандық таңдау Split PhD жобасы шеңберінде «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындау үшін Басым мамандықтар тізбесіндегі мамандықтарға сәйкес анықталады.

10) Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия жыл сайын Split PhD моделі шеңберінде «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындау үшін басым мамандықтар тізбесін бекітеді (1-қосымша).

11) Split PhD екінші кезеңін іске асыру үшін білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

**1-кезең:
2015-2019 жж.**



Екінші кезең: 2020 жылдан бастап

Екінші кезең шеңберінде Split PhD бойынша докторанттарды даярлаудың мақұлданған тетігі мүдделі қазақстандық жоғары оқу орындарының білім процесіне ықпалдастырылатын болады және стипендияның екі жоғары оқу орнындағы, базалық-шетелдік жоғары оқу орнындағы және қазақстандық серіктес жоғары оқу орнында кейіннен екі жоғары оқу орнының дипломдарын берумен 2+2 сызбасы (екі жыл базалық жоғары оқу орнында, екі жыл қазақстандық жоғары оқу орнында) бойынша оқуын болжайды.

Split PhD бағдарламасын іске асырудың екінші кезеңінде мыналар ұсынылады:

1. докторантураның бірқатар өзекті және қажетті мамандықтары бойынша екі диплом алу мақсатында бірлескен докторлық бағдарламаны іске асыру.

2. шетелдік және қазақстандық серіктес жоғары оқу орындары арасында зерттеу тақырыптарын бекіту және білім бағдарламасы мазмұнын келісу бойынша алдын ала жұмыс жасаумен екі елдің дипломын беру арқылы кадрлар даярлауға меморандумдар жасасу.

3. барлық басымды салаларда ғылымды қажет ететін технологияларды жасауға қабілетті Split PhD бағдарламасы бойынша мамандарды бейінді даярлауды кеңейту.

4. қазақстандық серіктес жоғары оқу орнында оқу және/немесе ғылыми зерттеулер өткізу мерзімін оқу жоспарына сәйкес оқудың жалпы мерзімінен 50%-ға дейін арттыру.

2-кезең:
2020 жылдан
бастап

ҚР жоғары оқу орындарына Split
PhD моделі бойынша докторлар
даярлау тетігін ықпалдастыру

ҚР НҚА-ға
енгізілген өзгерістер мен
толықтыруларға сәйкес

ҚР-ның мүдделі
жоғары оқу орындары

Шетелдік серіктес
жоғары оқу орны
(базалық)

Басым бағыттар
бойынша зерттеу
тақырыбы

Қазақстандық
серіктес жоғары оқу
орны

PhD/бейін
бойынша
дәреже
тағайындау
туралы диплом

2
жыл

Оқуының жалпы мерзімі:
2+2

2
жыл

PhD/бейін
бойынша
дәреже
тағайындау
туралы диплом

Күтілетін нәтижелер

«Болашақ» бағдарламасы шеңберінде Split PhD моделін іске қосу мыналарға:

- 1) қазақстандық ғалымдардың ғылыми зерттеулерді жүзеге асырудың алдыңғы қатарлы әдістерін игеруіне; авторлық құқықты қорғау саласында құқықтық мәдениетті арттыруға және патенттер құруға;
- 2) Қазақстанда ғылым мен өндіріс арасында мықты байланыс орнатуға және оны дамытуға: қолда бар ғылыми кластерді қолдауға және жаңасын құруға, отандық ғалымдардың зерттеулерін ел экономикасының ИИДМБ инфрақұрылымдық жобаларының және «Нұрлы Жол» Жаңа Экономикалық Саясатының нақты қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған нақты секторларының қажеттіліктерімен ықпалдасуына;
- 3) қазақстандық жоғары оқу орындарының әлемдік ғылыми-зерттеу қоғамдастығына жылдам енуіне, қазақстандық ғалымдардың әлемнің үздік ғылыми-зерттеу орталықтарының инфрақұрылымдарына қолжетімділігіне; отандық технологиялық жобаларды халықаралық деңгейдегі шетелдік сарапшылардың бағалау мүмкіндігіне;
- 4) бағдарлама докторанттарының ғылыми зерттеулеріндегі қазақстандық үлесті ұлғайту арқылы «Болашақ» стипендиясын іске асыру тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Жалпы алғанда 2015 жылы қазақстандық жоғары оқу орындарының білім беру процесіне Split PhD жобасын енгізу «Болашақ» халықаралық стипендиясының ИИДМБ және «Нұрлы Жол» үшін де, сондай-ақ басқа да басым бағыттар бойынша да ғылыми кадрларды нақты даярлау саласындағы мүмкіндігін айтарлықтай кеңейтуге мүмкіндік береді.

Split PhD арқылы «Болашақ» стипендиясы шеңберінде өз кезегінде Қазақстан жоғары оқу орындарының ғылыми-зерттеу жүйесіне өздерінің алған білімдерін енгізетін шетелдің жетекші жоғары оқу орындарының және зертханаларының базасында ғылыми-зерттеу жұмыс тәжірибесін алған жаңа формациядағы ғалымдар мен зерттеушілер даярланатын болады, бұл кейіннен отандық ғылым жүйесін іштей реформалауға әкеп соғады.

Нормативтік құқықтық актілер тізбесі

Тұжырымдаманың 2-кезеңін іске асыру болжанатын Нормативтік құқықтық актілер тізбесі:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы.
2. «Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 маусымдағы № 573 Қаулысы.
3. «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысы.
4. «Болашақ» халықаралық стипендиясын беру мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы № 146 Қаулысы.
5. «Ғылыми дәрежелер беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 Бұйрығы.
6. "Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 Бұйрығы.
7. «Болашақ» халықаралық стипендиясын іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 6 сәуірдегі № 149 Бұйрығы.
8. «Болашақ» халықаралық стипендиясын іске асыру бойынша кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 6 сәуірдегі № 413 Бұйрығы.
9. «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша шығыстар нормаларын, оқуға және тағылымдамадан өтуге үлгілік шарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 13 сәуірдегі № 163 Бұйрығы.

**2015 жылға арналған Split PhD жобасы шеңберінде даярлау бойынша
«Болашақ» стипендиясын тағайындау үшін басым мамандықтар**

- 1) Авиациялық және зымыран-ғарыштық техника
- 2) Автоматизация және басқару
- 3) Сәулет. Құрылыс. Қала құрылысы
- 4) Атомдық өнеркәсіп
- 5) Биотехнология. Биоинженерия. Биоинформатика. Молекулярлық генетика
- 6) Су ресурстары және суды пайдалану. Сумен қамтамасыз ету
- 7) Геодезия. Геоақпараттық жүйелер. География және картография
- 8) Геология. Тау-кен ісі. Тау-кен инжинирингі
- 9) Информатика. Ақпараттық технологиялар мен жүйелер. Ақпараттық қауіпсіздік. Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету
- 10) Материалтану және жаңа материалдар технологиясы
- 11) Машина жасау
- 12) Металлургия
- 13) Нанотехнология және наноматериалдар
- 14) Мұнайгаз ісі. Мұнай химиясы және мұнай химиялық синтез. Мұнай және газ кен орындарын өңдеу
- 15) Стандартизация, сертификация және метрология
- 16) Көлік, көлік техникасы және технологиясы
- 17) Қайта өңдейтін өндірістердің технологиясы
- 18) Азық-түлік өнімдерінің технологиясы
- 19) Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу технологиясы
- 20) Электроника. Радиотехника. Телекоммуникациялар
- 21) Энергетика
- 22) Биология
- 23) Математика
- 24) Физика. Астрономия
- 25) Химия
- 26) Экология. Метеорология. Қоршаған ортаны қорғау
- 27) Агрономия. Агроинженерия. Биожүйелер инженериясы
- 28) Ветеринария. Ветеринарлық медицина. Ветеринарлық санитария. Ветеринарлық эпидемиология
- 29) Орман шаруашылығы ісі және аң шаруашылығы
- 30) Топырақтану және агрохимия
- 31) Тамақ қауіпсіздігі
- 32) Ауыл шаруашылығы жануарларын өсіру, асылдандыру және олардың генетикасы
- 33) Өсімдік шаруашылығы. Өсімдікті қорғау және олардың карантині. Өсімдіктерді сұрыптау
- 34) Бухгалтерлік есеп және аудит. Қаржы. Экономика. Маркетинг (агротехникалық сала бойынша)
- 35) Операциялық менеджмент және логистика. Тасымалдарды ұйымдастыру